

**«Мәдени-демалыс қызметін ұйымдастыру» пәні бойынша  
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған  
тест спецификациясы**

**1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

**2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

**3. Мазмұны:** «02150900 – Әлеуметтік-мәдени қызмет(түрлері бойынша)» мамандығы, 4S02150901 - Театр ұжымын ұйымдастырушы, оқытушы, 4S02150902 - Мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастырушы, оқытушы біліктіліктеріне арналған «Мәдени-демалыс қызметін ұйымдастыру» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
1	Мәдени демалыс қызметін ұйымдастырудың теориялық негіздері	1	Мәдени демалыс қызметін ұйымдастыру адамның өмір сүру формасы ретінде.
		2	Мәдени демалыс аксиологиясы
		3	Мәдени демалыс социологиясы.
		4	Азаматтарды тәрбиелеу жөніндегі әлеуметтік-мәдени мекемелердің міндеттері мен жұмысының мазмұны.
2	Әлеуметтік-мәдени іс-шаралар технологиясы	5	Әлеуметтік-мәдени қызметі, түрлері, әдістер мен құралдардың жалпы сипаттамасы.
		6	Кеш - белсенді демалысты ұйымдастыру үлгісі.
		7	Байқаулар.
		8	Шоу-көріністер сервистік қызмет ретінде.
		9	Мәдени демалыс қызметін ұйымдастырудың заманауи түрлері.
		10	Презентация.
3	Әлеуметтік-мәдени мекемелердің өскелең ұрпақпен жұмысы	11	Балалар мен оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша әлеуметтік-мәдени мекемелердің принциптері мен міндеттері.
		12	Бастауыш сынып балаларымен әлеуметтік-мәдени қызметтің мазмұны.
		13	Жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру.
		14	Жасөспірімдер қызығушылықтарын дамыту және қалыптастыру.
		15	Мектеп демалысы кезіндегі әлеуметтік-мәдени мекемелердің жұмысы.
4	Халықтық көркем өнер шығармашылығы	16	Көркемөнерпаздар - халықтық шығармашылықтың бір түрі.
		17	Көркемөнерпаздар шығармашылығын ұйымдастыру түрлері.
		18	Көркемөнерпаздар ұжымының концерттік-ойын-сауық жұмысын ұйымдастыру.

		19	Қызығушылығы бойынша бірлестіктер және клубтар.
5	Әлеуметтік-мәдени мекемелерді басқару және жетекшілік ету.	20	Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени мекемелерге басшылық ету жүйесі.
		21	Мәдениет қызметкерінің профессиограммасы.
		22	Басшылық стилі және басқару әдістері.
		23	Біліктілікті арттыру түрлері.
6	Әлеуметтік-мәдени мекемелердің жүйесі мен типтері және олардың сипаттамасы	24	Әлеуметтік-мәдени мекемелердің жалпы сипаттамасы.
7	Мәдени демалыстың психологиялық-педагогикалық негіздері	25	Тұлға әлеуметтік-мәдени мекеменің тәрбие объектісі ретінде.
8	Мерекелік демалыс ұйымдастыру	26	Мерекелер классификациясы.
		27	Мерекелік мәдени демалыс қызметін ұйымдастыру түрлері.
9	Заманауи дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, рәсімдер	28	Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, рәсімдері.
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).			

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

**Мәдени демалыс қызметін ұйымдастырудың теориялық негіздері:** Бос уақытты ұйымдастырудың теориялық негіздері: бос уақыт адамның өмір сүру формасы ретінде. ҚР "Мәдениет туралы" Заңы. Мәдени демалыс мәні мен мақсаты. Бос уақыт құрылымы. Мәдени демалыс аксиологиясы. Мәдениет құрылымы. Материалдық және рухани мәдениет. Демалыс социологиясы. Әлеуметтік зерттеу әдістері туралы түсінік. Әлеуметтік сауалнаманың негізгі түрлері. Азаматтарды тәрбиелеу бойынша әлеуметтік-мәдени мекемелер жұмысының міндеттері мен мақсаттары. Әлеуметтік-мәдени мекемелердегі тәрбиенің негізгі бағыттары мен міндеттері.

**Әлеуметтік-мәдени іс-шаралар технологиясы:** Әлеуметтік-мәдени қызметтегі формалардың, әдістер мен құралдардың жалпы сипаттамасы. Формалардың, құралдардың және әдістердің классификациясы. Кеш - белсенді демалысты ұйымдастыру үлгісі. Кештер жіктемесі Камералық мәдени демалыс түрлері. Күнделікті демалыс ерекшеліктері. Клубтық салондағы кездесулердің құрылымы мен мазмұны. Қонақ бөлмесі жағдайында қызмет ету түрлері. Сайыс-мәдени демалыстың танымдық-ойын-сауық түрі ретінде. Байқаулардың түрлері және олардың сипаттамасы. Байқау бағдарламасын дайындау ерекшеліктері. Шоу-көрініс. Шоу-бағдарлама режиссурасының түрлері мен ерекшеліктері.

Презентация – әлеуметтік-мәдени мекемелер қызметінің заманауи моделі. Презентацияны дайындау әдістемесі және құрылымдық элементтері. Қазіргі заманғы бос уақыт түрлері: квест, тимбилдинг, антикафе.

**Әлеуметтік-мәдени мекемелердің өскелең ұрпақпен жұмысы:** Өскелең ұрпақтың бос уақыты және оны ұйымдастыру бойынша әлеуметтік-мәдени мекемелердің міндеттері. Қазіргі мектеп оқушыларының ерекшеліктері және оларды әлеуметтік-мәдени мекемелердің қызметінде есепке алу. Бастауыш сынып балаларымен әлеуметтік-мәдени қызметтің мазмұны. Іс-шаралардың негізгі тақырыптық бағыты. Жасөспірімдердің жас санаттары. Жасөспірімдермен жұмыс түрлері мен бағыты. Жасөспірімдер қызығушылығын дамыту және қалыптастыру. Әлеуметтік-мәдени мекемелерде жасөспірімдермен жұмыс түрлері. Мектеп демалысы кезіндегі әлеуметтік-мәдени мекемелердің жұмыс нысандары. Нақты демалыс кезінде жұмыстың ерекше түрлерін есепке алу.

Әлеуметтік-мәдени мекемелердің техникалық және көркемөнерпаздар ұжымына қатысушылармен жұмысы. Көркемөнерпаздар қатысушыларының бос уақытын ұйымдастырудың негізгі бағыттары. Әлеуметтік-мәдени мекемелердің өскелең ұрпақпен жұмысы: өскелең ұрпақтың бос уақыты және оны ұйымдастыру бойынша әлеуметтік-мәдени мекемелердің міндеттері. Қазіргі мектеп оқушыларының ерекшеліктері және оларды әлеуметтік-мәдени мекемелердің қызметінде есепке алу. Кіші мектеп жасындағы балалармен әлеуметтік-мәдени қызметтің мазмұны. Іс-шаралардың негізгі тақырыптық бағыты. Жасөспірімдердің жас санаттары. Жасөспірімдермен жұмыс түрлері мен бағыттылығы. Жасөспірімдер мүдделерін дамыту және қалыптастыру. Әлеуметтік-мәдени мекемелерде жасөспірімдермен жұмыс түрлері. Мектеп демалысы кезіндегі әлеуметтік-мәдени мекемелердің жұмысы. Есепке алу ерекшеліктерін, жұмыс нысандары нақты каникулдық демалыс кезеңінде. Әлеуметтік-мәдени мекемелердің көркем, техникалық өнерпаздық қатысушыларымен жұмысы. Көркемөнерпаздар қатысушыларының бос уақытын ұйымдастырудың негізгі бағыттары. **Көркемөнерпаз халық шығармашылығы:** Көркем өнерпаздық халық шығармашылығының түрі ретінде. Көркем өнерпаздар шығармашылығының жанрлары. Көркемөнер шығармашылығын ұйымдастыру түрлері. Үйірмелер мен студиялардың қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері. Көркемөнерпаздар ұжымдарын қалыптастыру және қызметінің ерекшеліктері. Ұжым репертуары - оқу - тәрбие және шығармашылық жұмыстың негізі ретінде. Көркемөнерпаздар ұжымы жетекшісі - шығармашылық ұжымның қызметін ұйымдастырушы. Көркемөнерпаздар ұжымының концерттік-ойын-сауықтық жұмысын ұйымдастыру. Концерттердің, фестивальдардың және байқаулардың жіктемесі.

**Әлеуметтік-мәдени мекемелерге жетекшілік ету және басқару:** Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени мекемелерге басшылық ету жүйесі. Басқару құрылымдарының деңгейлері. Басшы тұлғасының құрылымы. Басқару стильдері. Әлеуметтік-мәдени мекемелерге әдістемелік басшылық жасау. Клуб қызметкерлерінің біліктілігін арттыру түрлері. Маркетинг - әлеуметтік-мәдени мекемелердің экономикалық жағдайының негізі. Мәдениет саласындағы қызметтер нарығын зерттеу ерекшеліктері.

**Әлеуметтік-мәдени мекемелердің жүйесі мен типтері және олардың сипаттамасы:** Әлеуметтік-мәдени мекемелердің жалпы сипаттамасы. Мәдениет мекемелері қызметінің ерекшеліктері (клуб, кітапхана, мұражай, саябақ). Өнер мекемелерінің сипаттамасы (кинотеатр, театр, цирк, филармония, концерт залы). Өнер мектебі бастауыш көркем білім беру мекемесі ретінде.

**Мәдени демалыстың психологиялық-педагогикалық негіздері:** Тұлға әлеуметтік-мәдени мекеменің тәрбие нысаны ретінде. Әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтардың ерекшеліктеріне сәйкес мәдени-демалыс қызметі түрлерінің жіктемесі.

**Мерекелік демалысты ұйымдастыру:** Мерекелердің жіктелуі. ҚР Мемлекеттік, кәсіби және өзге де мерекелердің күнтізбесі. Мерекелік демалысты ұйымдастыру түрлері. Мерекелік демалысты ұйымдастыру ерекшеліктері.

**Заманауи дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, рәсімдер:** Қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары. Әдет-ғұрып - қазақ халқы өмірінің ажырамас бөлігі.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:**

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

**8. Бағалау:**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

**9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Аванесова Г.А. Культурно – досуговая деятельность: Теория и практика организации: учебное пособие для студентов вузов. - М., 2006.
2. Асанова И. М., Дерябина С. О., Игнатъева В. В. Организация культурно-досуговой деятельности. – М.: Академия, 2014.
3. Багов И.Т. Методическое обеспечение культурно – досуговой работы. - Ш., 2009.
4. Бисембаев К.Ж., Нагорная Л.П., Панихин А.Л., Аяпбергенова Р.Ш. Мәдени-тынығу шараларды ұйымдастыру. – Нур-Султан қ., 2019
5. Герасимов В. Тульчинский Г.Л. Лохина Т.Е. Менеджмент специальных событий в сфере культуры. Уч. пособие - СПб. М. К., 2006
6. Жарков А.Д. Теория и технология культурно – досуговой деятельности. – М., 2007
7. Идрисова К.Г., Бронников Д.В., Байдракова Д. М., Шайкенова Н. Е. Мәдени-тынығу бағдарламаларының сценарийлік негіздері. – Нур-Султан қ., 2019
8. Исаева И.Ю. Досуговая педагогика. Уч. Пособие. - М., 2010
9. Каменец А.В., Урмина И. А., Заярская Г. В. Основы культурно-досуговой деятельности: учебник для СПО. – М.: Юрайт, 2018.
10. Крестьянов В.П. Педагогика досуга. Уч. пособие. – М., 2010.
11. Новаторов В. Е. Культурно – досуговая деятельность. Словарь – справочник. - Омск, 1998.
12. Пряда Т.Г., Крылова Ю.В., Жантурина А.К., Аяпбергенова Р.Ш. Әлеуметтік- мәдени мекемелері ұйымдастыру және басқару. – Нур-Султан қ., 2019
13. Тульчинский Г.Л. Шекова Е. Л. Менеджмент в сфере культуры. Сб. - М., 2009